

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
29.01.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 29.01.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Бірінші мәселе – «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Тоғызыншы қосымша хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев мырзаға беріледі.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысының Тоғызыншы қосымша хаттамасын ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап Дүниежүзілік пошта одағының толық мүшесі болып табылады.

Дүниежүзілік пошта одағының басты міндеттері осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселесін көтермелеу, сонымен қатар дамушы елдерге пошта қызметін ұйымдастыру және техникалық көмек көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Дүниежүзілік пошта одағына мүше болу оның Жарғысы, Конвенциясы, Регламенті және қосымша келісімдері сияқты негізгі құжаттарына қол қою арқылы расталады.

Қарауға ұсынылып отырған Дүниежүзілік пошта одағы Жарғысының Тоғызыншы хаттамасы Дүниежүзілік пошта одағының 26-шы конгресінде жасалған және Қазақстан Республикасы уәкілетті өкілдерімен қол қойылған.

Осы хаттамамен Дүниежүзілік пошта одағы Жарғысына пошта аумағында барлық жолдамалардың өзара алмасуын жеңілдетуге арналған нормалар, Конвенция және Регламенттегі нормалармен сәйкестендіру, сонымен қатар қайталанатын сипаттағы нормаларды алып тастау қарастырылған.

Осы заң жобасын қабылдау халықаралық міндеттемелерге сәйкес келуге мүмкіндік береді және қаржылық, құқықтық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеліп соқпайды, пошта байланысы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Осы айтылғаның негізінде «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Тоғызыншы қосымша хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасын қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауды сұраймын.

Құрметті Асқар Қуанышұлы! Аталған хаттама Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына өзгерістер енгізуді көздейді. Өзгерістердің бірі Жарғыдан «халықаралық пошта қызметі» ұғымын алып тастау болып табылады. Сонымен бірге Жарғы мәтінінде халықаралық пошта қызметі ұғымына қатысты ережелер сақталып отыр. Сондай-ақ Жарғының 22-бабының 3-тармағы Дүниежүзілік пошта Конвенциясы мен оның Регламенті халықаралық пошта қызметіне қолданылатын жалпы ережелерді қамтитынын белгілейді. Сонда қалай болғаны, бір жағынан ұғымды сақтап қалдық, ал екінші жағынан оны алып тастап отырмыз. Бұл Жарғының нормаларын түсіндірген кезде олардың әртүрлі оқылуына алып келмей ме? Және «халықаралық пошта қызметі» анықтамасы неліктен алып тасталып отыр? Рақмет.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Құрметті Кәрібай Иманжанұлы, жалпы алатын болсақ, ешқандай мәселе болмайды, өйткені алып тасталған «халықаралық пошта қызметі» ұғымы барлық пошта қызметтерін – пошталық операциялар немесе қызметтер ұғымын қамтиды. Ол 1-баптың 1-тармағында белгіленген. Ешқандай мәселе болмайды. Жалпы, бұл аталған ұғымға кіреді.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю акционерного общества «Казпочта».

Согласно статье 2 рассматриваемого протокола каждая страна – член Всемирного почтового союза теперь должна будет обеспечивать обработку почтовых отправлений (ранее обеспечивалась лишь сортировка почтовых отправлений, которая включала в себя только распределение почты по направлениям отправки). В то же время обработка – это и подготовка к перевозке, внесение данных в информационную систему стран – членов союза. Таким образом, замена сортировки обработкой расширяет обязательства нашей страны.

В связи с этим скажите, пожалуйста, насколько изменится сам процесс почтовых отправлений и как это отразится на сроках доставки? Готовы ли наши почтовые службы к работе в новых условиях?

СӘРСЕНОВ С.С. Уважаемая Светлана Федоровна, спасибо за вопросы.

Изменение терминов происходит в соответствии с требованиями времени и с учетом цифровизации. Действительно, процесс обработки почтовых отправлений со временем меняется. Если раньше это был только процесс сортировки, то сейчас есть необходимость вносить данные в информационные системы Всемирного почтового союза, наших почтовых администраций и почтовых администраций наших партнеров. Также существуют процессы, связанные с подготовкой этих отправок.

Сейчас используются такие элементы, как радиометки, бесконтактные чипы и так далее. Все это вносится в понятие обработки, которое раньше было в конвенции и регламенте, а сейчас вносится в Устав. То есть идет приведение в соответствие всех требований.

Ваш вопрос связан с тем, не поменяется ли процесс обработки? Мы уже работаем в соответствии с этими требованиями, потому что необходимо соблюдать сроки доставки, передавать вовремя все необходимые сведения и так далее. Поэтому на процессе обработки и сроках доставки наших почтовых отправок это не скажется.

ТӨРАҒА. Не скажется?

СӘРСЕНОВ С.С. Не скажется.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Аскар Куанышевич! Данный протокол совершен в Стамбуле 6 октября 2016 года. В статье 4 протокола предусмотрено, что он вступает в силу с 1 января 2018 года. Вместе с тем, статья 25 Устава Всемирного почтового союза предписывает ратифицировать Устав и дополнительный протокол к нему в возможно короткий срок. Однако проект закона поступил в Мажилис только в ноябре 2019 года.

В связи с этим скажите, пожалуйста, что препятствовало внесению данного протокола в Мажилис после подписания его 6 октября 2016 года? Ведь прошло уже более трех лет. Спасибо.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Спасибо.

Уважаемый Сергей Анатольевич! На самом деле такая проблема существует, Вы очень правильно заметили. Во-первых, этот документ по дипломатическим каналам поступил чуть позже непосредственно в министерство, с оттяжкой буквально на год. Затем было согласование со всеми государственными органами. В связи с тем, что министерство претерпело две реорганизации, это согласование несколько затянулось. На сегодня все вопросы урегулированы. Я хотел бы Вас заверить, что в дальнейшем мы будем стараться, чтобы вот такого рода сроков по ратификации не было и мы раньше вносили все документы в Мажилис. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ержан Нигматуллаулы, можно как-то объяснить? У нас получается, как министр докладывает, год после подписания идет отправка по дипломатическим каналам. У нас что, диппочта плохо работает?

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Нурлан Зайруллаевич, мы получили документ из Всемирного почтового союза в 2017 году. У этой международной организации свои внутренние процедуры по считке текстов, подтверждению аутентичности на официальных языках, после чего документы рассылаются по странам – членам. Поэтому была объективная задержка.

ТӨРАҒА. Я хочу обратить Ваше внимание. Это не первое замечание депутатов и касается не только соглашения по «Казпочте». В целом по всем ратификационным документам идут очень серьезные задержки по срокам. Откровенно говоря, мы во многих интеграционных союзах одними из последних ратифицируем и документы идут годами. Обратите на это внимание, пожалуйста. За рубежом в наших диппредставительствах сидят ответственные люди или же представители в интеграционных сообществах, которые отвечают за это, это их работа. Спасибо.

Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым «Қазпочта» акционерлік қоғамының төрағасына.

Хаттаманың 2-бабында тараптардың пошта арқылы аудармалармен өзара алмасуды қамтамасыз ету міндеттемесі көзделеді. Бұған дейін тек қана жазбаша хат алмасу болған. Жаңа анықтамаға сәйкес пошта арқылы аудармаларына мүше елдің тағайындалған операторы жөнелтетін кез келген зат, оның ішінде ақша аударымы да кіреді. Осыған байланысты сұрағым бар.

Пошта бөлімшелері арқылы халықаралық ақша аударымдары қаншалықты кеңінен жүзеге асырылады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сәкен Сейітжаппарұлы.

СӘРСЕНОВ С.С. Рақмет сұрағыңызға, Бейбіт Баймағамбетұлы.

Әрине, осы тармақта «пошта аударымы» және «ақша аударымы» деген түсініктеме бар. Бұл біздің жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға жаңа мүмкіндіктер береді. Мысалы, бұрындары ақша аударымдарымен «Western Union», «MoneyGram» деген трансұлттық компаниялар және үлкен банктер айналысса, енді біздің пошта бөлімшелері арқылы кез келген азаматымыздың әлемнің түкпір-түкпіріне ақша аударымын, пошта аударымын жіберуге мүмкіндіктері бар. Және оған арнайы тарифтер белгіленген. Мысалы, Ресей Федерациясынан біздің елге, біздің елден Ресей Федерациясына пошта бөлімшелері арқылы ақша жөнелтуге мүмкіндік бар. Және де осы хаттамада бұл түсініктемелер заңды түрде сәйкестендірілген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемый Аскар Куанышевич! Онлайн-шопинг с каждым годом становится все популярнее. Многие люди отдают предпочтение виртуальным покупкам, ведь такой способ приобретения товаров удобен и выгоден. Вместе с ростом популярности интернет-шопинга увеличивается и спрос на услуги почтовых служб. Как Вы знаете, многие пользуются услугами зарубежных интернет-компаний.

Скажите, пожалуйста, какова доля «Казпочты» в данном сегменте и есть ли механизмы взаимодействия с зарубежными компаниями? Спасибо.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Спасибо, уважаемый Валихан Анарбаевич.

В целом «Казпочта» сегодня очень активно продвигает электронную коммерцию, по существу является драйвером электронной коммерции в Казахстане и занимается не только продвижением от «Казпочты», но и помогает интернет-магазинам через создание fulfillment-центров, которые позволяют восполнять необходимую инфраструктуру для интернет-магазинов.

Доля «Казпочты» сегодня в электронной коммерции составляет 64 процента. Мы хотели бы сказать, что необходимо, чтобы эта доля не переросла по отношению к другим интернет-магазинам, чтобы между интернет-магазинами существовала конкуренция, работала и помогала развивать этот достаточно хороший, интересный в целом бизнес интернет-магазинов.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлына беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Асқар Қуанышұлы! Дүниежүзілік пошта одағы міндеттерінің бірі халықаралық пошта байланысына арналған тарифтерді белгілеу болып табылады.

2019 жылы қыркүйекте өткен кезектен тыс конгресте одақ 2025 жылға дейінгі пошта көрсететін қызметтерге арналған тарифтерді жоғарлату жоспарын бекіткен. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Дүниежүзілік пошта одағы кейінгі бес жылға Қазақстан үшін қандай тарифтер белгілеп отыр және олар қалай белгіленеді? Және біздің азаматтарымыз үшін тарифтер қаншалықты өзгермек? Рақмет.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Қазіргі таңда біз 46 мың швейцарлық франк төлеп отырмыз. Оның көлемі минималды. Жалпы, біздің жоспарымызда оны көтеру қарастырылмаған. Ол да бізге біраз жақсылықтар береді. Өйткені біз конгресте де, жалпы, дүниежүзілік пошта одағында да керек кезде өз дауысымызбен оны қамтамасыз етеміз.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Яковлева Татьяна Ивановнаға беріледі.

ЯКОВЛЕВА Т.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Асқар Қуанышевич! Статья 21 Устава Всемирного почтового союза определяет порядок уплаты членских взносов. Согласно этой статье расходы Всемирного почтового союза распределяются между странами – членами Всемирного почтового союза в виде взносов. Членские взносы распределены на восемь классов и каждая из стран – членов союза выбирает класс взноса, к которому она желает себя причислить.

В связи с этим у меня следующие вопросы:

1. Какую сумму ежегодно уплачивает наша страна в данную организацию, как исчисляются взносы?

2. Какие преимущества для нашей страны от членства во Всемирном почтовом союзе? Спасибо.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. В целом взнос составляет 46 тысяч швейцарских франков. Сегодня мы осуществляем минимальную оплату в данную организацию, что позволяет нам иметь свой голос. Мы можем голосовать и принимать все решения наряду со всеми государствами. Поднимать данную выплату, данный взнос мы не собираемся, потому что в целом даже минимальная оплата позволяет нам реализовывать все функциональные возможности во Всемирном почтовом союзе.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сұрақтарымыз аяқталды.

Асқар Қуанышұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Сыздықов Тұрғын Ысқақұлына беріледі.

СЫЗДЫҚОВ Т.Ы. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Тоғызыншы қосымша хаттаманы ратификациялауды көздейді.

Заң жобасы Дүниежүзілік пошта одағының шеңберінде халықаралық пошта алмасу мен Қазақстан Республикасының халықаралық пошта жөнелтімдерінің транзитін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бері Дүниежүзілік пошта одағының толық құқықты мүшесі. Сондықтан осы ұйымның актілері оған міндетті болып табылады.

Дүниежүзілік пошта одағы Жарғысының 30-бабы 2-тармағына сәйкес конгресс қабылдаған өзгерістер қосымша хаттаманы құрайды. Қазақстан Республикасы осы ұйымға мүше болғанынан бері Бесінші, Алтыншы, Жетінші және Сегізінші хаттамаларды ратификациялаған болатын.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 9) тармақшасына сәйкес осы хаттама да ратификациялауға жатады.

Заң жобасы пошталық қызметтердің тиімді қызмет етуі арқылы халық арасындағы байланысты дамытуды жақсартуға және сапалы, қолжетімді пошта қызметтерінің дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Ол туралы жаңа ғана Асқар Қуанышұлы баяндап берді.

Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша өздерінің оң қорытындыларын берді.

Құрметті депутаттар, осыған байланысты аталған заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Тұрғын Ысқақұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Осы жылы өзінің 145 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Дүниежүзілік пошта одағы әлемдегі екінші көне халықаралық ұйым болып табылады және біздің еліміз 17 жыл бойы оның толыққанды мүшесі. Және бүгін ратификациялауға ұсынылған Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Тоғызыншы хаттамаға қол қойылған кезде Дүниежүзілік пошта одағының 26-шы конгресінде біздің еліміз төрт жылға Әкімшілік кеңестің мүшесі болып сайланды және қазіргі уақытта мүше елдердің жарналарын реформалау және стратегия жөніндегі өңірлік топтардың құрамында.

Бірыңғай пошта аумағын құрған Дүниежүзілік пошта одағының миссиясы арқасында бүгін қазақстандықтар Дүниежүзілік пошта одаққа мүше 192 елмен қатар барлық қолжетімді әмбебап пошта қызметтерін табысты пайдаланып келеді.

IPS (International Postal System) Халықаралық пошта жүйесін енгізу шеңберінде «Қазпочта» «есеп беру», «деректермен электрондық алмасу» модульдерін енгізді, бұл хат-хабарларды қалыптастыру және жүргізу процестерін автоматтандыруға жол беріп отыр. Бүгін қазақстандықтарға әлемде қай жерге де пошта салса, соның тасымалдауын өздері қадағалап отыруға мүмкіндік беріліп отыр.

Осы хаттаманы ратификациялау қатысушы елдердің өзара халықаралық пошта алмасу, сапалы әрі тиімді пошта қызметтерін тұрақты дамыту, жаңа ақпараттық технологиялар трендінде болу, электрондық коммерция шеңберінде операциялық шешімдерді енгізу, халыққа қолайлы жағдайлар жасап, халықаралық стандарттар деңгейінде қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның да мүмкіндіктері кеңейтіліп отыр.

Қазіргі уақытта «Қазпочта» Қазақстан Республикасының тағайындалған ұлттық операторы бола отырып, өз инфрақұрылымын едәуір жақсартты, әрбір төртінші бөлімшесі жаңғыртылып, 200 бөлімшеде клиенттерге қызмет көрсету аймағы кеңейтілді, сәлемдемелер супермаркеті, клиенттердің өзіне-өзі демалыссыз 24 сағат қызмет көрсету аймағы орналастырылды, 600 бөлімшеде күрделі жөндеу жүргізілді. Өзінің тікелей қызметінен басқа тұрғындардан төлемдер қабылдау қызметін көрсетеді, ол бір ай бұрын, өздеріңіз білесіздер, депутаттардың бастамасы бойынша заңнамалық түрде бекітілген болатын.

Сондай-ақ ауылдарда агенттік қызметтер көрсетіледі. Бүгінгі күні ауыл тұрғындары пошта бөлімшелерінде сақтандыру қызметтерін ала алады және әуе, теміржол билеттерін сатып алуға мүмкіндіктері бар.

Дегенмен «Қазпошта» өз бөлімшелерін жеделірек жаңғыртып, осы жұмысты шалғай ауылдарда жандандыруы керек деп есептейміз.

Бір деңгейлі және кедергісіз қызмет көрсету бүгінде әрбір қазақстандыққа олар қай жерде тұрмаса да қолжетімді болуға тиіс.

Ауыл тұрғындарының өзекті ақпаратты дер кезінде алуы үшін газеттерді дрондармен шалғай аудандарға жеткізу жобасын әрі қарай жалғастыру қажет деп санаймыз. Бүгін ұсынылатын агенттік қызметтер халыққа мемлекеттік қызмет көрсету тізбесін компания кеңейту бойынша жұмысты жалғастыруға тиіс.

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіне нұқсан келтірмей, саны қомақты бөлімшелерді ұстауға арналған шығыстарды төмендету мақсатында шағын және орта бизнесті тарту есебінен әріптестік модельді енгізу практикасын ұлғайту керек деп есептейміз. Себебі олардың саны бүгін тек 490.

Тұтастай алғанда, осы заң жобасын өз басым қолдаймын және әріптестерімнің де қолдауларын сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Майра Арапқызы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Онда, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



Дүрөс: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майра Н. Шайғырды.